

Қызылорда медициналық жоғары колледжі



«Бекітемін»

Колледж директоры

Ж.А.Калмакова

02. 2025 ж.

«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы топ жетекшісінің қызметтік рейтингі анықтау Ережесі

I-тарау. Топ жетекшілік қызметті бағалау рейтингі туралы ереже

1.1.Топ жетекшілік қызметті рейтингтік бағалау туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қызылорда медициналық жоғары колледжінде (бұдан әрі- Колледж) топ жетекшісінің қызметін бағалауды жүргізудің мақсатын, міндеттерін, қағидаттарын, индикаторлары мен әдістемесін айқындайды.

1.2.Рейтингті қолдану әрбір топ жетекшісінің тобындағы білім алушылардың тәртібіне, үлгеріміне, ішкі тәртіп ережелерін орындау нәтижелеріне қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.

1.3.Топ жетекшілік қызметті рейтингтік бағалауға негізгі жұмыс орны бойынша Қызылорда медициналық жоғары колледжінде жұмыс істейтін 1,2 курс топ жетекшілері ғана қатысады.

1.4.Бағалау критерийлері-бұл қызметкердің қызметі бағаланатын негізгі параметрлер; топ жетекшісінің білім алушы бойында өмірге әділ көзқарасын қалыптастыруы, адамгершілік және еңбексүйгіш, жан-жақты жарасымды тұлға қалыптасудағы теориялық, мәдени-көпшілік және шығармашылық жұмыстары.

II-тарау. Топ жетекшісін рейтингтік бағалауды өткізудің мақсаты мен міндеттері

2.1.Рейтингтік бағалаудың мақсаты: білім алушыларға тәрбие беру процесінің сапасын және колледж имиджін арттыруға бағытталған топ жетекшілердің тәрбиелік қызметін жетілдіру және оларды ынталандыру.

2.2.Рейтингтік бағалаудың міндеттері: жауапкершілігі мол, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

III-тарау.Топ жетекшілер қызметін рейтингтік бағалау технологиясы

3.1.Топ жетекшінің рейтингі 2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығындағы топ жетекшісінің топ білім алушыларымен тәрбие жұмысын ұйымдастыруы, білім алушыларды жігерлендіріп, оларға қолдау көрсетіп және биік адами мұраттарға бағыттаумен бағаланады;

3.2. Топ жетекшілер рейтингі топ жетекшісінің қызметін сипаттайтын, объективтілігі мен көрсеткіштерін анықтайтын төмендегі критерийлерден тұрады:

1. Топ сағатының құжаттарын топ секция жетекшілері бағалайды (хаттама, сурет дәлел, талдамасы) бір айда өткізілетін 4 хаттамаға 20 балл әр беріледі, **мақ балл-90**;
2. Топтың гигиеналық ахуалын колледж мейіргері бағалайды (аудитория тазалығы, оқушылардың киімі, тазалығы, бояу, шаш, сыртқы келбеті) 1-10 балдың арасында, **мақ балл-50**;
3. «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жұмыстарға атсалысуды тәрбие жөніндегі орынбасары мен тәрбие бөлімінің меңгерушісі бағалайды (ай сайын, апта сайын, күн сайын және алдын-алу шаралары мен жобаларды іске асыру) 1-10 балл арасында, **мақ балл-50**;
4. Топтың психологиялық ахуалын психолог бағалайды (дабыл (сигнал) парағының берілуі, балдардың психологиялық жай-күйін дер кезінде анықтауы, қолайсыз отбасы балаларын анықтауы, психологпен байланыс), **мақ балл-50**;
5. Топтың үлгірімі мен сабаққа қатысуын бөлім меңгерушісі бағалайды, (топтың құжаттары, ата-анамен байланысы, топқа қатысты тапсырмалардың орындалуы) 1-10 балл арасында, **мақ балл-50**.

IV-тарау. Рейтингтің қорытындыларын шығару

4.1. Рейтингті ұйымдастыру және қорытындысын шығару тәрбие бөліміне жүктеледі.

4.2. Топ жетекшінің рейтингін анықтау үшін оқу жылының соңында критерийлермен және олардың мәндерімен бірге бекітілетін тиісті нысандар (1-қосымша) толтырылады.

4.3. Нысандарды қызметтің белгілі бір бағытына жауапты қызметкерлер: («Топ жетекші» секция жетекшілері, мейіргер, бөлім меңгерушісі, психолог) толтырады және тәрбие бөлімі қорытындысын шығарады

4.4. Рейтинг қорытындысымен топ жетекшілерін ынталандыру мақсатында төмендегідей марапаттаулар белгіленген:

- 241-290 балл арасында ең жоғарғы ұпай жинаған топ жетекшілеріне «Ең үздік «Біртұтас тәрбие» жаршысы-2025»;
- 191- 240 балл арасында ұпай жинаған топ жетекшісіне «Үздік топ жетекшісі-2025»;
- 141-190 балл арасында ұпай жинаған топ жетекшісіне «Үлгілі топ жетекшісі-2025»

Жеңімпаздарға қаржылай сыйақылар және басқа да жетістіктері үшін номинациялар қарастырылады.

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Тәрбие бөлімінің меңгерушісі



С.Т.Молдраймова

Б.О.Ералиев